

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Сабақтың тақырыбы:

**Терминология ғылымы. Кәсіби
терминология. Кәсіби қарым-қатынас
негіздері.**

Дәріс оқушы: доцент Қалыбекова Қаламқас Сағындыққызы

Қ а р а ғ а н д ы , 2 0 2 5

01

Қайырлы күн, құрметті студенттер!

Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

Сабақтың тақырыбы – Терминология ғылымы. Кәсіби терминология. Кәсіби қарым-қатынас негіздері. Сабақ барысында біз негізгі ұғымдармен танысып, тәжірибелік тапсырмалар орындаймыз. Назар қойып тыңдауларыңызды сұраймын!

Сабақтың мақсаты:

«Кәсіби қазақ тілі» пәні магистранттарға мамандық бойынша ақпараттық, танымдық мәтіндер негізіндегі лексикалық және грамматикалық бірліктерді меңгерту, тілдік дағдыларын жетілдіру, кәсіби тілдік дайындығын қамтамасыз ету мақсатын қояды.

02

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.

Терминология ғылымы. Кәсіби терминология.

Терминология - белгілі бір білім саласында қолданылатын терминдердің жиынтығы. **Термин** - (лат. terminus-шек, шекара) - ғылым, техника, өнер және тағы басқа саланың белгілі бір ұғымының атауы болып табылатын сөз немесе сөз тіркесі.

Терминдердің басқа сөздерден айырмашылығы, олар бірмағыналы, қысқа болады, эмоциялылық және экспрессия жоқ, стилистикалық бейтарап. Кейбір терминдер өзінің ерекше сипатын жоғалтып, әр түрлі сөйлеу стилінде кеңінен қолданылады.

Терминология білімнің белгілі бір саласы терминдерінің жиынтығы ретінде кез келген тілде кәсіби қызметпен тығыз байланысты. Адам қызметінің белгілі бір саласында жұмыс істейтін маман терминологияны меңгермей, өз мүмкіндіктерін толыққанды іске асыра алмайды. Терминдердің арасында термин-синонимдер де кездеседі

03

Мәтіннің жалғасы:

Терминологияда пәнаралық терминологиялық омонимия таралған. Омонимия – тіл біліміндегі құбылыс, ол дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр түрлі сөздердің қатар өмір сүруін айтады. Яғни, омонимия – бір форма, бірнеше мағына, бірақ олардың арасында байланыс жоқ. Бір термин осы тілдің түрлі терминологиясына кіре алады. Мысалы, реакция термині химия, саясат, физиологияда кездеседі.

Терминологиялық лексика екі топқа бөлінеді: тарсалалық және жалпы ғылыми терминдер. **Тарсалалық терминдер** жекелеген ғылым шеңберінде ғана кездеседі: математика, физика, химия, информатика және тағы басқа. Тарсалалық терминдер ерекше функционалдық оқшаулығымен сипатталады, көбінесе мамандарға ғана белгілі. Олардың басқа стильдерде қолданылуы шектеулі. **Жалпы ғылыми терминдер** ғылымның әртүрлі салаларында кездеседі, олар барлық адамдарға түсінікті, оларды жалпыға түсінікті деп аталады. Қазіргі жағдайда терминге қойылатын маңызды талап оның халықаралық сипаты, халықаралық стандарттарға сәйкестігі болып табылады.

Мәтіннің жалғасы:

Термин тек бір терминологияның құрамына кіруі мүмкін, және де әр түрлі терминологияларға, мысалы, **операция** - медицинада, қаржы саласында, әскери істе де; **ассимиляция** - биологияда, этнографияда, лингвистикаға да кіреді. Терминологияда детерминологизация және терминдену үрдісі кездеседі.

Детерминологизация - дегеніміз тіл біліміндегі ұғым. Бұл құбылыс арнайы ғылым, техника, кәсіби салаларда қолданылатын терминдердің жалпы халықтық тілге ауысып, күнделікті қолданысқа енуін білдіреді. Яғни, бұрын тек белгілі бір сала мамандарына түсінікті болған сөздер уақыт өте келе қарапайым сөйлеу тілінде де қолданылады.

Мәтіннің жалғасы:

Қазіргі заманда халықаралық терминдер қазақ тіліне енгізілуде. Қазіргі кезеңде халықаралық терминдер қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемделіп, кейде баламасы жасалып енгізіледі. Мысалы: компьютер → компьютер (кейде дербес санауыш), интернет → интернет, мобильный телефон → ұялы телефон.

Терминком (Қазақстан Республикасының Республикалық терминология комиссиясы) бекіткен ресми нұсқалар қолданылады.

Үдеріс үш жолмен жүреді:

1. Дәл сол күйінде алу (интернет, сайт).
2. Қазақша балама табу (құжат → документ, ұшақ → самолет).
3. Транскрипциялау (модуль → модуль, вектор → вектор).

2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мына сөздерді аударыңыз. Есіңізге сақтап алыңыз.

- ❖терминдердің жиынтығы —
- ❖ұғым —
- ❖айырмашылық —
- ❖бірмағыналы —
- ❖бейтарап —
- ❖кәсіби қызмет —
- ❖функционалдық оқшаулығымен —
- ❖толыққанды —
- ❖пәнаралық —
- ❖тарсалалық —
- ❖жалпы ғылыми —
- ❖жалпыға түсінікті —
- ❖адамдарға түсінікті —
- ❖толыққанды —
- ❖кез келген —
- ❖жекелеген —
- ❖қолданылатын —
- ❖сипатын жоғалтып —
- ❖әр түрлі сөйлеу —
- ❖байланысты —
- ❖құбылыс —

3-тапсырма. Берілген терминдер мен анықтамаларды сәйкестендіріңіз:

№	Термин	Анықтама
1	Терминология	А)Арнайы ғылым, кәсіп немесе салаға тән сөздер жүйесі
2	Термин	В)Бір ғана мағынада қолданылатын, нақты ұғымды білдіретін сөз
3	Жалпылама сөз	С)Күнделікті қолданыстағы, кең мағынада қолданылатын сөздер
4	Терминжасам	Д)Жаңа термин сөздерді қалыптастыру процесі

Жауаптары:

1 - А

2 - В

3 - С

4 - D

08

4-тапсырма. Терминология тарихы (Теориялық сұрақтар)

Келесі сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз:

1. Қазақ тіліндегі терминология ғылымының негізін қалаған кімдер?
2. Қазіргі заманда халықаралық терминдер қазақ тіліне қалай енгізілуде?

09

5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Термин, терминология сөздеріне анықтама беріңіз.
2. Терминдердің басқа сөздерден ең басты айырмашылықтары қандай?
3. Тарсалалық және жалпы ғылыми терминдердің айырмашылығы неде? (4-5 мысал келтіріңіз).
4. Детерминологизация дегеніміз не? (4-5 мысал келтіріңіз).
5. Терминдер қалай жасалады?

Ескерту: Мысалдарды өз мамандығыңызға қатысты алыңыз.

6-тапсырма. Өз мамандығыңызға қатысты 10 термин жазып, қай тілден енгенін және анықтамасын жазыңыз.

7-тапсырма. Мәтіннен ұнаған сөз тіркестерін теріп алып, 5 сөйлем құрастырыңыз.

10

6-тапсырма. Мәтінді оқып аударыңыз, мазмұндаңыз.

Кәсіби қарым-қатынас негіздері

11

Кәсіби қарым-қатынас дегеніміз – жұрттың бәріне белгілі бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі белгілі бір кәсіппен я, шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдардың арасында ғана айтылатын сөздер. Арнайы ұғымдардың ресми ғылыми атауларын білдіретін терминдерге қарағанда, кәсіби сөздер қатаң ғылыми сипаты жоқ жартылай ресми сөздер ретінде қабылданады.

Кәсіби қарым-қатынас – қоғамдағы еңбек бөлінісінің нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік-мәдени феномен. Ол тек ақпарат алмасу үдерісі ғана емес, сонымен қатар тұлғалардың кәсіби рөлдерін үйлестіру, ортақ шешім қабылдау, кәсіби этиканы сақтай отырып ұйымдық мәдениетті нығайту құралы болып саналады. Кәсіби қарым-қатынастың мазмұны әр салада әртүрлі сипатқа ие болғанымен, оның әмбебап негіздері бар.

Мәтіннің жалғасы:

12

Біріншіден, коммуникативтік нақтылық — ақпараттың дәл әрі түсінікті жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, этикалық үйлесім — әріптестер арасындағы сенім мен сыйластықты қалыптастырады.

Үшіншіден, интерактивтік әрекеттестік — кәсіби топ мүшелерінің ортақ мақсатқа бағытталған бірлескен қызметін жүзеге асырады.

Қазіргі жаһандану жағдайында кәсіби қарым-қатынас тек дәстүрлі ауызша және жазбаша нысандармен шектелмей, сандық технологиялар арқылы жүзеге асуда. Электрондық пошта, бейнеконференциялар, әлеуметтік платформалар мен кәсіби мессенджерлер ақпарат алмасудың жаңа арналарын ашып, қарым-қатынас мәдениетіне жаңа талаптар қояды.

8-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Кәсіби қарым-қатынас қандай әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде сипатталады?
2. Кәсіби қарым-қатынастың тек ақпарат алмасумен шектелмейтін қызметтері қандай?
3. Мәтінде кәсіби қарым-қатынастың әмбебап негіздері ретінде қандай үш қағида аталды?
4. Қазіргі заманда кәсіби қарым-қатынастың жаңа арналарын атаңыз.

9-тапсырма.

1. **Негізгі ойды анықтаңыз.** Мәтінді қысқаша 3—4 сөйлеммен мазмұндап беріңіз.
2. **Терминдерді табыңыз.** Мәтіннен «кәсіби қарым-қатынас», «коммуникативтік нақтылық», «цифрлық коммуникация мәдениеті» сияқты терминдерді тауып, олардың мағынасын түсіндіріңіз.
3. **Салыстыру тапсырмасы.** Дәстүрлі қарым-қатынас пен қазіргі заманғы цифрлық қарым-қатынастың айырмашылығын кесте түрінде көрсетіңіз.

9-тапсырманың жалғасы:

4.Талқылау сұрағы. «Кәсіби этика сақталмаған жағдайда ұйымдағы қарым-қатынас қандай мәселелерге әкелуі мүмкін?» деген сұраққа топтық пікірталас ұйымдастырыңыз.

5.Шығармашылық жұмыс. «Болашақ маман ретінде кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалай дамытамын?» тақырыбында шағын эссе жазыңыз.

10-тапсырма. Кәсіби қарым-қатынасқа қатысты мақал-мәтелдер ұсынамын, ұнаған мақал-мәтелді жаттап алыңыз.

- ❖ Сыйласқанның серігі көп.
- ❖ Әдепті елдің баласы алыстан сәлем береді.
- ❖ Сөз сүйектен өтеді.
- ❖ Жақсы сөз – жарым ырыс.
- ❖ Көппен кеңескен шешілмес іс қалмас.
- ❖ Тіл табысқан – іс табысқан.
- ❖ Кісі сыйлағаны – кісілігі.
- ❖ Ырыс алды – ынтымақ.
- ❖ Кеңесіп пішкен тон келте болмас.

11-жағдаяттық тапсырма.

Төмендегі жағдайды елестетіңіз:

Сіз ұжым ішінде жаңа жобаны талқылап отырсыз. Әріптестердің арасында келіспеушілік туындады.

- ❖ Осы сәтте қандай мақал-мәтелді қолданып, мәселені шешуге болар еді?
- ❖ Таңдаған мақал-мәтелді қолданып, қысқа диалог құрастырыңыз.
- ❖ Қарым-қатынастың сәтті болуы үшін қандай кәсіби әдеп нормалары сақталу керек?

Үй тапсырмасы:

1. Мәтінді оқып, оны әңгімелеңіз;
2. Жаңа сөздерді оқып, термин сөздерді жаттап алыңыз;
3. Мәтіннен сөз тіркестерін тауып, 5 сөйлем құрастырыңыз.
4. Ұнаған мақал-мәтелдерді жаттап алыңыз.

**Назар
аударғандарыңызға
рақмет!**

19